

## **Қызылорда облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы**

Қызылорда облысының әкімдігінің 2026 жылғы 25 мамырдағы № 94 қаулысы

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес тізбе бойынша Қызылорда облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қызылорда облысының әкімі*

*М. Ергешбаев*

Қызылорда облысы әкімдігінің  
2026 жылғы "25" мамырдағы  
№ 94 қаулысына қосымша

## **Қызылорда облысы әкімдігінің күші жойылды деп танылатын кейбір қаулыларының тізбесі**

1. "Бюджеттік инвестициялардың кейбір мәселелері туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2017 жылғы 9 қаңтардағы № 680 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5697 болып тіркелген);

2. "Бюджеттік инвестициялардың кейбір мәселелері туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2017 жылғы 9 қаңтардағы № 680 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2017 жылғы 29 қыркүйектегі № 887 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5988 болып тіркелген);

3. "Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері мен тәртібін, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшерін айқындау туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2018 жылғы 28 қарашадағы № 1271 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6543 болып тіркелген);

4. "Өкілдік шығындарға арналған қаражаттарды пайдалану тәртібі мен өкілдік шығындардың нормаларын бекіту туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2020 жылғы 30 қаңтардағы № 153 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7227 болып тіркелген).